

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ  
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА



**«Лингвистиканың заманауи тенденциялары:  
антропоцентристік парадигмадан антропологиялық лингвистикаға  
дейін» тақырыбындағы халықаралық дөңгелек үстел  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
2022 жыл 7 желтоқсан**

---

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
международного круглого стола  
«Современные тенденции лингвистики: от антропоцентрической  
парадигмы до антропологической лингвистики»  
7 декабря 2022 года**

---

**International Round Table  
Proceeding  
"Modern trends in linguistics:  
from anthropocentric paradigm to anthropological linguistics"  
December 7, 2022**

**Алматы, 2023**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ  
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА



**«Лингвистиканың заманауи тенденциялары:  
антропоцентристік парадигмадан антропологиялық лингвистикаға  
дейін» тақырыбындағы халықаралық дөңгелек үстел  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
2022 жыл 7 желтоқсан**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**  
международного круглого стола  
**«Современные тенденции лингвистики: от антропоцентрической  
парадигмы до антропологической лингвистики»  
7 декабря 2022 года**

International Round Table  
**Proceeding**  
**"Modern trends in linguistics:  
from anthropocentric paradigm to anthropological linguistics"**  
*December 7, 2022*

Алматы, 2023

УДК 80/81  
ББК 81.2  
С56

*Рекомендовано к изданию Ученым Советом Казахского университета  
международных отношений и мировых языков имени Абылай хана  
(Протокол № 4 от 15.11.2022 года)*

**Рецензенты:**

Наурзбаева А.Б., д.ф.н., профессор,  
Казахская национальная консерватория им. Курмангазы  
Алиев Г.А., к.филол.н., профессор КазУМОиМЯ имени Абылай хана

**Составители:** Шайморданова З.Д., д.и.н., профессор  
Турлиева Ә.Р., магистр

Сборник материалов международного круглого стола «Современные тенденции лингвистики: от антропоцентрической парадигмы до антропологической лингвистики» (7.12.2022), посвященного 70-летию д.ф.н., профессора В.У. Махпирова. – Алматы, издательство «Полилингва», КазУМОиМЯ, 2023. – 92 стр.

**ISBN 978-601-270-579-9**

В сборник вошли научные статьи, раскрывающие актуальные вопросы когнитивной лингвистики, лингвокультурологии и этнолингвистик, политической лингвистике, концептам в лингвокультурологии и когнитивной лингвистике, языковой картине мира.

Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, научных работников, а также для широкого круга читателей, интересующихся вопросами современных тенденций в лингвистике от антропоцентрической парадигмы до антропологической лингвистики.

УДК 80/81  
ББК 81.2

ISBN 978-601-270-579-9

© КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2023



**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС /  
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ /  
PLENARY SESSION**

---



***Валерий Уйгурович Махпиров,  
доктор филологических наук, профессор  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана***

## **Приветственное слово**

доктора филологических наук, профессора, Академика Национальной Академии наук РК, Председателя Правления – Ректора  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
**Салимы Сагиевны Кунанбаевой**

### **Уважаемый Валерий Уйгурович!**

Казахский Университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана стремится соответствовать вызовам XXI века и готовить кадры в соответствии с мировыми требованиями. В этом, безусловно, большая заслуга всего коллектива университета и его профессорско-преподавательского состава.

В последнее время всю прогрессивную общественность волнуют вопросы организации образования, его модернизации, формирования новых жизненных установок личности. Процесс обучения должен обеспечить возможность получения надежных, необходимых и прочных знаний, являющихся фундаментом компетентной личности. Развивающемуся обществу нужны современно образованные, нравственные, предприимчивые и компетентные личности, способные самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации выбора, прогнозируя их возможные последствия, умеющие выбирать способы сотрудничества. Они отличаются мобильностью, динамизмом, конструктивностью, обладают развитым чувством ответственности за свою судьбу, судьбу страны.

Валерий Уйгурович Махпиров, доктор филологических наук, профессор, с 1998 года работает в Казахском университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана.

Одной из основных тенденций развития образования является гуманитаризация образования, которая призвана формировать духовность, культуру личности, планетарное мышление, целостную картину мира. От уровня усвоения базовой гуманитарной культуры зависит развитие личности в гармонии с общечеловеческой культурой. На основе общечеловеческой культуры возможно развитие всех сторон личности, учета ее субъективных потребностей и объективных условий, связанных с материальной базой и кадровым потенциалом образования, частью которого являетесь Вы, Валерий Уйгурович.

Областью научных интересов Валерия Уйгуровича является тюркская ономастика, тюркская лексикология, история тюркских языков, сопоставительное изучение языков. Как ученый лингво-филологического профиля, Валерий Уйгурович опубликовал более 50 научных работ в различных научных изданиях Республики Казахстан, а также в зарубежных изданиях (в Турции, КНР, странах СНГ), в том числе 5 монографий.

На протяжении многих лет Валерий Уйгурович работал заведующим кафедрой арабского языка и литературы факультета восточной филологии нашего университета, был директором Научно-исследовательского центра теоретической и прикладной лингвистики, деканом факультета восточной филологии.

Валерий Уйгурович ведет активную научно-исследовательскую работу, принимая участие в различных международных конференциях в Турции, России, Китае. Был приглашенным лектором для чтения курсов по тюркологии и востоковедению в Университет Минзу Китая; участвовал в ряде международных проектов в Турции, Китае.

Валерий Уйгурович и сегодня активно участвует в научно-исследовательской работе кафедры послевузовского образования, в разработке учебно-методических пособий, программ, в подготовке магистрантов и докторантов.

Валерий Уйгурович, примите искренние поздравления с 70-летним юбилеем! Ваш профессиональный путь достоин высоких похвал и уважения!

В день Вашего юбилея желаем Вам, Валерий Уйгурович, дальнейших творческих успехов здоровья, счастья и благополучия!

**Председатель Правления – Ректор  
С.С. Кунанбаева**

## **Уважаемый Валерий Уйгурович!**

*Казахский Университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана стремится соответствовать вызовам XXI века и готовить кадры в соответствии с мировыми требованиями. В этом, безусловно, большая заслуга всего коллектива университета и его профессорско-преподавательского состава.*

*В последнее время всю прогрессивную общественность волнуют вопросы организации образования, его модернизации, формирования новых жизненных установок личности. Процесс обучения должен обеспечить возможность получения надежных, необходимых и прочных знаний, являющихся фундаментом компетентной личности. Развивающемуся обществу нужны современно образованные, нравственные, предприимчивые и компетентные личности, способные самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации выбора, прогнозируя их возможные последствия, умеющие выбирать способы сотрудничества. Они отличаются мобильностью, динамизмом, конструктивностью, обладают развитым чувством ответственности за свою судьбу, судьбу страны.*

*✓ Валерий Уйгурович Махпиров, доктор филологических наук, профессор, с 1998 года работает в Казахском университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана.*

*Одной из основных тенденций развития образования является гуманитаризация образования, которая призвана формировать духовность, культуру личности, планетарное мышление, целостную картину мира. От уровня усвоения базовой гуманитарной культуры зависит развитие личности в гармонии с общечеловеческой культурой. На основе общечеловеческой культуры возможно развитие всех сторон личности, учета ее субъективных потребностей и объективных условий, связанных с материальной базой и кадровым потенциалом образования, частью которого являетесь Вы, Валерий Уйгурович.*

*✓ Областью научных интересов Валерия Уйгуровича является тюркская ономастика, тюркская лексикология, история тюркских языков, сопоставительное изучение языков. Как ученый лингво-филологического профиля, Валерий Уйгурович опубликовал более 50 научных работ в различных научных изданиях Республики Казахстан, а также в зарубежных изданиях (в Турции, КНР, странах СНГ), в том числе 5 монографий.*

*На протяжении многих лет Валерий Уйгурович работал заведующим кафедрой арабского языка и литературы факультета восточной филологии нашего университета, был директором Научно-исследовательского центра теоретической и прикладной лингвистики, деканом факультета восточной филологии.*

*Валерий Уйгурович ведет активную научно-исследовательскую работу, принимая участие в различных международных конференциях в Турции, России, Китае. Был приглашенным лектором для чтения курсов по тюркологии и востоковедению в Университет Минзу Китая; участвовал в ряде международных проектов в Турции, Китае.*

*Валерий Уйгурович и сегодня активно участвует в научно-исследовательской работе кафедры послевузовского образования, в разработке учебно-методических пособий, программ, в подготовке магистрантов и докторантов.*

*Валерий Уйгурович, примите искренние поздравления с 70-летним юбилеем! Ваш профессиональный путь достоин высоких похвал и уважения!*

*В день Вашего юбилея желаем Вам, Валерий Уйгурович, дальнейших творческих успехов, здоровья, счастья и благополучия!*

*Председатель Правления – Девлет*

*С.С.Кунанбаева*



*Алматы, 2022*



Раев Д.С. – филос.ғ.д., профессор,  
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық  
катынастар және әлем тілдері университеті  
ЖОО кейінгі білім беру факультеті кафедрасы.

## ТІЛ БИЛІГІНІҢ ЛИНГВОЦЕНТРИСТІК ПАРАДИГМАСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада тіл философиясы аясындағы тіл билігі контексіндегі тағандық (тіректік) мәселенің бірі – адам үшін тілдің басталық позициясын, яғни адамның лингвотектік бастау көзін анықтау мақсаты көзделеді. Осы ретте біз – «әлемнің тілдік бейнесі» ұстанымына негізделе отырып, біріншіден, адамға қатысты тіл билігінің лингвоцентристік, яғни тілдің объектіті болмыстық табиғатына сүйене келе, оған ғылыми теориялық тұрғыда талдауға қадам жасалады. Сондықтан аталмыш мақала тіл билігінің лингвогенездік тамырларына көз жүгірте отырып, тілдің үстем билігінің полифониялық астарларын сараптауға бағытталады.

**Тірек сөздер:** тіл, философия, лингвогенез, тіл билігі.

Тіл – адамзатының ейкумендік жаратылысындағы ең көне және пәрменді мәдени институтының бірі екені белгілі. Тіл адамның ең мәндік сипатының бірі әрі бірегейі. Ғылыми таным бойынша, тіл адамның адами болмысының іргелі өлшемі болып есептеледі және сонымен бірге тіл адам мәнінің барынша толық көрініс табатын әмбебап саласы [1, 147 б.]. Олай болса, адамзатына, оның мәдениеті әлеміне билік ету әлеуетінің негізінде тілдік құбылыс жатқандығын аңғару қиын болмас дейміз. Тіл лингвистикалық тұрғыда адамның дыбыстық, таңбалық, сөздік әрект жүйесі. Нақтырақ айтқанда, тіл адамзатының қарым-қатынасы мен ойын сыртқа шығарудың таңбалық, дыбысты, сөздік жүйесі мен грамматикалық тәсілдрі құрамы.

Егер «Сөз – белгілі бір мағынаға ие, заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі бірлігі» [2, 739 б.], -дегенді мойындайтын болсақ, бұл мақаланы жазуға белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Ысқақұның: «Сөз адамды да, бүкіл әлемді де билеп тұр» [3, 26 б.], -деген тезисі түрткі болғанын айта аламыз. Осы ретте айта кететін тағы бір фактор – ол «көп жағдайда адам мінезін, әрекетін... қалыптастырудағы тілдің рөлін саналы түрде түсіне бермейміз» [4, 168 б.], -деген көзқарас. Бұл қазіргі ақпараттық, нақырақ айтқанда, цифрлық дәуірде ақпараттық қауіпсіздік өткір тұрған кезеңде тіл билігі қоғамдық тіршіліктің түйіткілді мәселесінің біріне айналғаны шындық. Бүгінгі ақпарат қоғамындағы сөз бен тілге байланысты болып жатқан жағдайлар мен құбылыстар әрі олардың төңірегінде туындап отырған пробеламалар лобиринті шын мәнінде оларға философиялық таным амалымен қарауға бізді еріксіз мәжбүрлеуде.

Жалпы тіл мәселесі адамзатын ежелден мазалап, өзіне назарын аудартуын әлі аяқтамаған феноменнің бірі. Мәселен: тіл мен адам; тіл мен тән; тіл және сана; тіл мен ойлау; тіл мен мағына; тіл және этнос, тіл және қоғам; тіл мен саясат, тіл мен идеология, тіл және мәдениет және т.б. Бұның бәрі тіл философиясының негізгі сұрағы болмақ [5, 5 б.] Бұл бүгінгі постмодерндік ыңғайдағы адамзатының сана трансформациясынан хабар берсе керек. Осы тұрғыдан келгенде, тіпті қазіргі

заманғы білім беру жүйесін де философиялық таным призмасы тұрғысынан қайта қарау тенденциясы қалыптасуда. Сондықтан, біз көтеріп отырған мәселенің бастауында тұратын феноменнің бірі – тіл билігінің лингвогендік тамыры болмақ.

Тіл билігіндегі лингвоцентристік мәселе немесе адамның лингвогенездік түптегі. Тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының көзқарасынан бастайтын болсақ, ол: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» [6, 35 б.], -дейді. Ахмет Байтұрсынұлының: «Сөзін - өзін», -дегені сондықтан болар. Демек, тіл – адамның адами табиғатын құраушы элементтің бірі. Ал Мағжан Жұмабайұлы: «Тіл - адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. ...Қысқасы - адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында».

Тіл дегеніміз - «адамдардың қоғамдық өмірде бірін-бірі түсінісіп, пікір алысар қатынас құралы болып табылатын, дыбыстық және сөз құрамдары мен грамматикалық тәсілдер жүйесі», «адамдардың ойлау қабілетін іске асырып, оны дамытатын, ерік-жігерін, сезімін білдіретін, мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал», «айтпақ ойды білдіретін сөз, мәнерлі тіркес» [2, 601 б.], -деген анықтама беріледі қазақ әдеби тілінің сөздігінде. Олай болса, «тіл - адам баласының әлеуметтік тарихында жасалған дүниетанымын негіздейді, бейнелейді» [7, 525 б.], -деген тұжырымда тіл билігін растайтын терең мән жатады..

Бұдан біздің зерттеуімізге қатысты ой айтар болсақ, тіл – адамның адамдық болмысының бастапқы шарты, айқындаушы факторы деген көзқарас туындары анық. Тіл – адамның адам болу бастау көзінің бірі десек болады. Тілімен ғана адам – адам бола алмақ. Тіл – адам ағзасының құраушы бөлігі деген сөз. Қазақстанда белгілі тілтанушы-ғалым, профессор Дандай Ысқақұлының пікірі де адамның рухани «өсіп-жетілуі, дамуы тікелей тілмен байланысты» [3, 19 б.], -дегенге тоғысады. Д.Ысқақұлының пікірінше, «...Тіл адам баласы өмір сүріп жатқан рухани әлемді құрайды. Демек, әр тіл сол тілде жасалынған рухани әлемді құрайды» [8, 68 б.]. Философия тілімен айтқанда бұл субъективтінің объективтіге айналу заңдылығын білдірмек. Ол адамның өзі жасаған рухани ортаның одан бөлініп, объективтік әлемге ауысуын білдіреді. Біздің зерттеуіміз тұрғысынан алғанда бұл адамзатының өзі жасаған тілдік кеңістіктің адамның өзіне тікелей билік ету заңдылығын көрсетеді. Олай болса, «адамдар белгілі бір тіл жасаған рухани үйде өмір сүріп, оны күтіп ұстауға, мықтай беруге ұмтылады» әрі «тіл жасаған рухани үйдің негізгі іргетасының мықты болуын қамтамасыз етуге» [8, 69 б.], -мәжбүрлі түрде тәуелді болады

Ресей тілтанушысы С.Г.Гер-Минасова: «Тіл – адам жаратылысының күрделі де көркем құбылысы... Айналамыздағы тылсым дүние, табиғат, ел мен жер, қоршаған орта, жалпы планетарлық құбылыстар адамның пайымына, ой-санасына түрліше ықпал етіп, әрі түрлі әсер туғызады. Бұл әсерлер адам санасында қабылдау, жинақтау, байыптау, саралау, сараптаудан өтіп, сөзбен бейнеленеді, тілмен өрнектеледі» [4, 9 б.], -дей келіп, тіл бүкіл адамзат өмірі мен тәжірибесін, «этносты, ұлтты қалыптастыратын қуатты» феномен [4, 20 б.], -деген пікір айтады.

Осы ойды Д.Ысқақұлының: «Адамның бүкіл физиономиясы, нақтылай айтқанда, бет әлпеті, ішкі дыбыс жолдарының құрылымы адамның қандай сөзді айтуымен, қандай тілде сөйлеуімен тікелей байланысты. Ауыз, мұрын қуыстары

сөзді айтқанда, қандай дыбыстардың шығатындығына орай орналасқан. Мысалы, қазақ тіліндегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз, дауыстылардың жуан, жіңішке, дауыссыздардың қатаң, ұяң, үнді болып жіктелуі дыбыстардың шығуы барысында олардың түрліше айтылуына қарай негізделген. Барлық тілдерде де осылай. Демек, барлық халықтардың сөйлеу, дыбыстау ерекшеліктеріне орай, олардың тыныс алу, өкпе қуысы, ішкі ауа жүру жолдарының орналасу, дыбыс шығару өзгешеліктері пайда болады» [3, 20 б.], -деген ғылыми тұжырымы нақтылап, дәйектей түседі. Адамның лингвогендік тамырына дәлел болатын тағы бір қызықты пікірді Д.Ысқақұлы былайша келтіреді: «Адамның тілі ауысса, оның организмінде ырғақтық сәйкессіздіктер пайда болып, денсаулығына нұқсан келуі мүмкін. Жалпы, адамзат баласының тыныс алу, дыбыс шығару органдары сырттай қарағанда, бірдей сияқты көрінгенімен де байқап қарағанға әр ұлттың өзіндік бет-әлпеттері байқалмай қалмайды. Моңғол тектестер домалақ бет, еуропалықтардың көбіне атжақты, кәрістердің қысық көзді келетініндей. Қазақтардың қазіргі физиономиялық бітімі, бет әлпеті ғасырлар бойы сөйлеп келген осы ұлттық тіліне байланысты болса керек. Бұл физиономиялық өзгешеліктер тек сол ұлтқа ғана тән дыбыстарға қатысты. Мысалы, ә, ө, і, ұ, ү, к, ғ, н, һ секілді дыбыстар тек қазақ тіліне ғана тән болғандықтан да оның ұлттық сыпатын белгілейді» [3, 20-21 бб.].

Адамзатына тіл билігінің лингвогенездік мәселесінде тағыды Д.Ысқақұлының мына дәлелін ұсынуға болады. Ол: «Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды. Сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде адам организмі анатомиялық өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды. Осының арқасында адам жеке дыбыстарды ғана емес, түрлі дыбыс тіркестерін, тиісті мән-мағынасы бар сөздерді айта алатын қабілетке ие болды. Сөйлеу - адам сапасының басты белгісі. Ол - бізді жануарлар дүниесінен ерекшелендіріп тұратын негізгі жан қуаты» [3, 25 б.], -деп жазады.

Осыдан «әлемнің тілдік бейнесі» концепті келіп шығады. «Әлемнің ұлттық-тілдік өзгешелік бейнесін жасау идеясы неміс филологиясында ХУІІІ ғасырдың аяғы, ХІХ ғасырдың басында пайда болды (Михаэлес, Гердер, Гумбольдт)», - дей келе, «Біріншіден, тіл идеалды және объективті құрылым ретінде сол тілде сөйлеушілердің дүниетанымын өзіне бағындырып, тілді қолданушылардың әлемді қабылдауына негіз болады. Екіншіден, тіл таза мәндердің жүйесі ретінде – шынайы әлемді бүркемелейтіндей меншікті әлемін құра алады» [9, 75 б.].

Егер сөз тілдік бірлік болса, онда тіл адамды билейтіні объективті ақиқат болатыны анық. Мәселен, Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтың «Тіл мен мәдениет» атты еңбегінде: «Адам орыс, неміс, жапон және т.б. болып тумайды» [10, 25 б.], -деп айтқанының өзі адамның белгілі бір ұлт өкілі болуында тілдің үстептік ететін факторы айқын байқалады. Ал С.Г.Тер-Минасованың: «...адам өз ана тілінің құлы, нәресте шағынан ата-анасы сөйлейтін тілдің ықпалына түсіп, өз еркінен, қалауынан тыс түскен ұжымның тілімен бірге мәдениетті де бойына сіңіруге мәжбүр болады» және «Адам шыр етіп дүниеге есігін ашқан алғашқы сәттен-ақ болашақ ана тіліндегі дыбыстарды естиді. Тіл оны қоршаған ортамен таныстырып, оған дейін-ақ, онсыз да «салынып қойған» көріністерді, бейнелерді таңа бастайды», -дей келе, «Тұлға – тіл мен мәдениет өнімі» [4, 166-167 бб.], - дегені соның дәлелі. Демек, адам тек тілдің көмегімен әлемді танып, біледі деген

сөз. С.Г.Тер-Минасова: «Тіл – мәдениеттің бөлігі, бірақ мәдениет те тілдің бөлігі» [4, 55 б.], -дегені сондықтан болар. Демек, «Тіл – әлем мен мәдениетті бейнелеуші әрі сол тілде сөйлеушілерді қалыптастырушы» немесе «...тіл сол тілде сөйлеушілерді қалыптастырады» [4, 167-168 бб.], -деген де адамға деген тіл үстемдігін көре аламыз. Сондай-ақ, орыс жазушысы Андрей Макиннің айтуынша да «тіл өз елінің есігін ашатын кілт іспеттес... тіл – тылсым дүние, көзге көрінбейді, алайда кезбейтін жері жоқ, - дегенде, оның жағымды үні біздің санамызға жетсем, танысам деген әлемнің кез келген бұрышын дөп басып тауып, жете қоятын» [4, 167 б.], -дегені де біздің зерттеу бағытымызды растай түседі. Сондықтан, адамның адам болмасында қалыптасуында тілдің конструктивті қызметінің доминатты, объективті жағдай болатыны сөзсіз.

С.Г.Тер-Минасованың пікірінше, бүгінгі адамзаттың қол жеткізген ғылыми-техникалық жетістігіне нұқсан келтіріп отырған нәрсе, тілдік және мәдени кедергілер мен тосқауылдар болса керек. [4, 9 б.]. Егер тілдің объективті физикалық табиғатын ескерсек бұл пікір тілдің адам жаратылысындағы бастаманың бірі болатындығынан хабар береді. Осыдан тілдің адам үшін қондырғы-бастамалық тылсымын зерттеудің өзектілігі көрінбек.

Янсон Торе: «Библияның «Генезис» атты бірінші бөлігінен Адам атаның жаратыла салысымен сөйлегенін білеміз» [11, 15 б.], -дей келіп, «Әйтсе де тіл атаулыны жаратқан Адам ата емес. Тіл Адам ата жаратылмай тұрып қолданыста болған» [11, 16 б.], -дегенді алға тартып, «Ең бастысы Адам ата «кіріктірілген» тілмен бірге жаратылған екен» [11, 16 б.], -деп жазады Ясон Торе. Тіл туралы Құран Кәрімнің «Бәләд» сүресінің 8-9-аяттарында: «Оған (адамзат баласына) екі көз жаратпадық па?! Әрі бір тіл екі ерін...», -деген мағынадағы аят келсе, тағы бір аятта «...тілдеріңнің, түстеріңнің қарама-қарсылығы да Оның (Алланың) белгілерінен» [12, 22-аят], -делінеді. Олай болса, тіл – адам болмысын құраушы элементінің бірі. Тіл – адамның материялық тінінің бірі. Мұны қазақтың «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ», -дейтін даналығы дәлелдеп тұр десек артық айтпағандық. Осы қазақ даналығының астарында адамнан бұрын тілдің болғанынан хабар беретін тұғырлы идея жатқанын аңғару қиын емес.

Ясон Торе: «Сөйлей білу – адам баласының біргеі қасиеті...», -десе тағы бірде, сөз «...адам баласына тән бірегей қасиет» [11, 50 б.], -деп келтіреді. Өз ойын осы сипатта жалғастыра отырып, Янсон Торе: «Адам баласы адам дәрежесіне тіл пайда болғанда жетті» деген болжам айтылады және бұл Библиядағы оқиғаларға да сәйкес келеді. «Адамды басқалардан ерекшелейтін - тіл» деген ойды бәріміз де құптаймыз» [11, 16 б.], -дейді. Яғни, Янсон Торенің пікірінше, тілдердің жойылуы «...бұл ол адамдардың сөйлеуді доғарғанын білдірмейді, олар тек басқа тілде сөйлей бастайды» [11, 172 б.]. Бұл тіл билігінің лингвогенездік тамырын айқындайтын көрнекті дәлелдерінің бірі деуге болады. Демек, Тіл – адамның жаратылысы бастамасының бірі..

Соссюр тілді төрт түрлі қырынан қарастырады: таңбалық құрылым ретіндегі тіл; әлеуметтік-тарихи парызын атқарудағы сөйлеу қызметіндегі тіл; тұлғаның тілді игеру ретіндегі тілдік қабілеті және осы қабілетті жүзеге асыру ретіндегі сөйлеу. Соссюрдің міне, осы жіктелмесіндегі тілдің қырларының өзі адамға қатысты тіл билігінің лингвогенездік мәнін анықтауға негіз боларлық жағдай.

Немістің атақты философы Мартин Хайдеггер (1889-1976) «Тілге сапар» («Путь к языку», 1959) атты еңбегінде тілді философиялық тұрғыдан жан-жақты зерттей келіп, «Адамның мәні тілде жатыр; сондықтан да біз тілде, яғни адам мәнінің үйінде өмір сүріп жатырмыз; тіл баспанасы дегенді адамның белгілі бір мәдениеттің аясында өмір сүру» деп түсінген жөн деп, біледі. «...Адам тіл мекенінде, белгілі бір мәдениеттің ішінде өмір сүреді; тіл дегеніміз – болмыс үйі, осында адам өзін экзистендіреді», -деп түйіндейді. Ал белгілі қазақстандық ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Ысқақұлы: «Адамның болмысын құрайтын - тіл. Тілі қандай болса, адамы да сондай. Тіліне қарап, ол адамның жалпы рухани болмысын, дүниетанымын, өмірге көзқарасын пайымдауға болады. Өйткені, адам тіл арқылы ғана өмір сүріп, сол тілдің арқасында ғана адам ретінде ашылып, танылады; қоғамда өзіне лайықты орнын иемденеді» [8, 68 б.], -деп жазады. Жоғарыда келтірілген бұл тұжырымдар тілдің адамға жүргізетін билігінің лингвонегізін, тілдік қондырғысын тіпті нақтылай түседі. Дандай Ысқақұлының пікірінше, «тіл белгілі бір тілдік нормалар арқылы адамзат баласы тіршілігінің рухани ұясы - мәдениет кеңістігін құрып, адамдардың сапалық деңгейін, белсенділігін арттырып, қоғамдық дамуға тікелей ықпал етіп отырады» [8, 68 б.]. Демек, «адамды тілсіз зерттеп білуге болмайды» [4, 166 б.], - деген лингвогенездік парадигма алға тартылады. Демек, тіл дегеніміз, біз білетіндей тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамның ойлау жүйесінен бастап, сөйлеу, іс-әрекеттеріне дейінгі барлық компоненттерін қамтитын, құрайтын, адами болмысын анықтайтын ең негізгі физиологиялық, әлеуметтік құбылыс екендігіне көзіміз жетеді [3, 25 б.]. Сонда адам өмірінің бүкіл саналы ғұмыры, тіршілігі, қоғамдық өмір, оның дамуы, біздің қоршаған ортаны танып білуіміз барлығы да тілге, тікелейбайланысты болатыны айтылады [8, 69 б.]. Д.Ысқақұлы: «Адамның хайуанаттардан басты айырмашылығы оның ойлау қабілеті болса, оның өсіп-жетілуі, дамуы тікелей тілмен байланысты» [3, 19 б. ], -деп түйіндейді.

Сондықтан тіл адамзат өмірінде аса маңызды шешуші рөл атқаратыны ғылыми дәлелденген құбылыс. Ақселеу Сейдімбектің көзқарасымен айтқанда, «Мидың тайқазанында әбден қорытылып, сайланып шыққан сөз жүйке жүйесі арқылы адамның бүкіл денесін билеп-төстеп, іс-әрекетін айқындап отырады. Сөздің құдіреттілігі соншалық, жай әншейін айтыла салған сөздің өзі-ақ адам организміне бақылауын жүргізіп отырады» [13, 413 б.]. Міне, осыдан бүкіл адамзатының күллі тыныс-тіршілігі, тағдыры осы бір тіл феноменіне тәуелді болатын әмбебап заңдылық келіп шығады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология в новом ключе: Учеб. пособие для ун-тов. – Алматы: 2011. - 372 с.
2. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған І.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
3. Ысқақұлы Д. Сөз – адам // Ұлар. - 2022. - № 4.
4. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. –Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. - 320 б.
5. Комаров А.П. Лекции по курсу «Актуальные пролемы общего языкознания». – Алматы: изд. КазГУМЯ, 1995. - 82 с.
6. Ұлт рухы: қанатты сөздер / Е.Зәңгіров. – Алматы: «Ана-б», 2015. - 160 б.

7. Абақан Е. Тілдің қазіргі мәдени парадигмасы. Кітапта: Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Тіл мен мәдениет. 6-том. - Алматы, 2005.
8. Ысқақұлы Д. Тілдер тоғысындағы түркі әлемі. - Алматы, 2018. -622 б.
9. Антипов Г.А., Донских О.А. және т.б. Текст как явление культуры. - Новосибирск, 1989. - 194 с.
10. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г.. Язык и культура. - М., 1990. -251 с.
11. Янсон Торе. Тіл тарихы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 224 б.
12. «Рум» сүресі, 22-аят.
13. Сейдімбек А. Шығармалары. – Алматы: Қаламгер, 2017. - 495 б.

**ӘӨЖ 811.531**

**Бүркітбай Г.Ж.**

Шығыс филологиясы кафедрасының  
менгерушісі, филол.ғ.к., проф.  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: gjbi@mail.ru

### **МАХМУД ҚАШҚАРИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ПРОФЕССОР В.У. МАХПИРОВТЫҢ ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада профессор В.У. Махпировтың Қашқари мұраларын зерттеудегі қосқан ғылыми үлесі қарастырылады. Махпировтың ғылыми мектебінің дәстүрін жалғастыра отырып, қашқаритануды дамытқан шәкірттерінің ғылыми еңбектері талданады. Қашқари мұрасын әлемдік ғылыми ортада зерделенуіне қажетті мәліметтер ұсынылады.

**Тірек сөздер:** Махмуд Қашқари, «Диуан луғат әт-турк», араб тілі, түркі тілі, қашқаритану, лингвомәдениеттану, лексикография.

**Burkitbay G.**

Head of the Department of Oriental  
Philology Cand. Sc. Phil, Prof.  
Ablai khan KazUIRandWL  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: gjbi@mail.ru

### **THE STUDY OF THE HERITAGE OF MAHMUD KASHKARI BASED ON THE RESEARCH OF PROFESSOR V.U. MAKHIROV**

**Abstract.** The article considers the scientific contribution to the study of the Kashkar heritage of Professor V.U. Makhpirov. Continuing the tradition of Makhpirov's scientific school, the scientific works of his students who developed Khakharin studies are analyzed. The information necessary for the study of the Kashkar heritage in the world scientific community is presented.

**Keywords:** Mahmud Kashkari, "Divan Lugat at-Turk", Arabic language, Turkic language, Kashkari studies, linguoculturology, lexicography.

Махмуд ибн әл-Хусайн әл-Қашқаридің «Диуан лұғат әт-турк» сөздігі – орта ғасырдағы түркі тілдері және түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына қатысты маңызды мәліметтер жинақталған баға жетпес құндылық, араб тілінде жазылған лексикографиялық еңбек. М.Қашқари аталған сөздігін араб лексикографиясында қалыптасқан сөздік түзу принциптеріне сүйене жасап, түркі тілдерінің грамматикасын араб тілінің грамматикасының негізінде жүйелеген. М.Қашқаридің ұсынған сөздік түзу принципі мен түркі тілдерінің грамматикасы араб тіліндегі сөздік түзу принциптері мен араб тілінің грамматикасымен ұштасады.

М.Қашқаридің «Диуан лұғат әт-турк» еңбегі аз зерттелген жоқ. Түрік ғалымы К.Рифат 1915-1917 жылдары Диуанды алғаш рет баспаға әзірлеп, жариялағаннан бастап, қазіргі күнге дейін әлемде мыңнан астам еңбектер мен мақалалар жарияланған. М.Қашқариді зерттеген атақты ғалымдар қатарында К.Брокельманн, Г.Бергштрессер, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, А.Н.Кононов, С.Мутталибов, А.Алиев, Е.Фозилов, Имин Турсун, Қурбан Вали, Осман Мирсултан, Қ.А.Байрамов, Ж.И.Жафаровтарды атауға болады. М.Қашқариді ең алғаш зерттеген қазақ ғалымы Халел Досмұхамедұлы 1923 жылы «Шолпан» журналының 7-санында «Диуан лұғат ит-түрік» атты мақала жариялаған. М.Қашқариді зерттеген қазақстандық ғалымдар: Ә.Құрышжанов, Ә.Дербісалиев, В.У.Махпиров, Х.Сүйіншіәлиев, А.Егеубай, Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов, Б.Атабай және т.б.

Солардың ішіндегі отандық ғалымдардың арасындағы бірегейі – филология ғылымының докторы, профессор Махпиров В.У. пен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіндегі арабтанушы-шәкірттерінің зерттеулері.

Профессор Махпиров В.У. ғылыми еңбектерінде (Древнетюркская ономастика. - Алма-Ата: Ғылым, 1990. -156 с.; Имена далеких предков: Источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики. Монография. -Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. -302 с.) Махмуд Қашқари шығармасын негізге ала отырып, ономастикаға қатысты («Древнетюркская ономастика: имена собственные в "Дивану лугат-ит турк" Махмуда Кашгарского») саралайды [1-2].

В.У.Махпировтың алғашқы шәкірті Донбаева А.Б. паремиология саласына қалам тартып (Донбаева А.Б. Даналықтың түбі бір (араб және қазақ мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері). Монография. -Алматы, 2004. -133 б.), Махмуд Қашқари еңбегіндегі мақал-мәтелдерден де мысалдар келтіре отырып салғастыра зерттеулер жүргізген [3].

Махмуд Қашқари бойынша зерттеулерге сүбелі үлес қосқан шәкірті Мухитдинов Р.С. ««Диуан лұғат әт-турк» және араб лексикографиясы: тарихи негіздері мен теориялық принциптері» тақырыбына 10.02.20 – салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын 2010 жылы қорғады.

Мақала барысында қашқаританушылар ілімін жалғастырушы ретінде танылып жүрген Р.С. Мухитдиновтың зерттеуін сараламақпыз. Себебі, ол қазақ зерттеушілердің арасында алғаш рет еңбекті түпнұсқада қолжазбаның

фотокөшірмесі негізінде талдау жасады: محمود بن الحسين الكاشغري. كتاب ديوان لغات الترك. Tirkıbasım/Facsimile. Kültür Bakanlığı. – Ankara, 1990 [4].

Орта ғасырларда араб тілінің грамматикасында филолог ғұламалардың көзқарастары негізінде қалыптасқан мектептер сияқты араб тілінің лексикографиясында да лексикографиялық мектептер қалыптасты. Бірақ ол мектептер бірден мектеп деген атқа ие болған жоқ. Грамматикалық мектептер қалыптасып болғаннан кейін лингвист ғалымдар лексикография саласында да лексикограф ғалымдардың (сөздікшілердің) көзқарастарын топтастырып, оларды да сөздік құрастырудағы негізгі ұстанымдарына қарай мектептерге бөлді.

1) «Айн» мектебінің сөздік құрастырудағы ұстанған принциптері  
(Сөздердің дыбысталу реті бойынша жасалған сөздіктер)

Ең алғашқы түсіндірме сөздік құрастырған ғалым әл-Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди (һ.ж.б. 100-175) "Айн" сөздігін әріп таңбалайтын фонеманың дыбыстық артикуляциясы (жасалымы) арқылы жүйеледі. Әріптер (яғни сөзтізбе) артқы жасалымнан (артикуляция) алдыңғы жасалымға қарай түзілді.

2) «Жим» мектебінің сөздік құрастырудағы ұстанымдар  
(Әліпбилік жүйемен берілген тәсіл)

Сөздік жасаудың жаңа тәсілі һижраның III ғасырында басталды. Ең алғашқы бұл тәсілмен сөздік жазған ғалым – Әбу Амр әш-Шәйбани (һ.ж.б. 213 жылы қайтыс болған). Ол сөздігін "Китаб әл-Жим" деп атаған.

3) «Сихах» мектебінің сөздік құрастырудағы ұстанымдары  
(Кері әліпбилік тәсіл арқылы құрастырылған сөздіктер)

Һ.б.ж. IV ғасырда сөздік жасаудың жаңа тәсілі пайда болды. Ол сөздіктегі атау сөздер әліпбилік ретпен орналасқанымен, сөздің соңғы әрпінен бастап ізделінетіндігімен ерекшеленеді. Араб тілі лексикографиясындағы ең атақты сөздіктер осы мектеп еншісіне тиеді. Мысалы, Әбу Наср Исмағил ибн Хаммад әл-Жауһаридің (һ.ж.б. 400 жылы қайтыс болған) "تاج اللغة و صحاح العربية" «Тәж әл-луға уа сихах әл-арабия» (мағынасы: Тілдің тәжі және араб тілінің дұрысы) атты сөздігі. Ол қысқаша «әс-Сихах» деген атпен танымал.

Араб тілі қопармалы (флективтік) тілдер тобына жатады. Флективтік тілдер – морфологиялық құрылысы бойынша топтастырылған дүниежүзілік тілдердің бір тобы. Оларға тән негізгі ерекшеліктер: ішкі флекцияның болуы, дыбыстық заңдылыққа сай дауысты және дауыссыз фонемалардың ауысып келуі. Осы сипаттан бір сөздің әртүрлі формалары немесе түбірі бір әртүрлі сөздер жасалады. Араб тілі грамматикасының бір саласы сарф (морфология) сөз түбірі және туынды сөздерді зерттейді. Сондықтан араб сөздіктерінен сөздерді табу үшін сөздердің ішкі түрлену заңдылықтарын білу керек.

Араб әдеби тілінің тазалығын сақтап қалу және Құран тілінің өзгеріске түспеуін қамтамасыз етуді өздеріне міндет әрі мақсат етіп алған мұсылман ойшылдары Араб түбегінде шашырап орналасқан араб тайпаларын аралап, тілі өзге тілдің әсеріне ұшырамаған тайпалардан әдеби тілдің сөздік қорын жинауға кірісті. Һижра жыл санауы бойынша, II ғасырдың алғашқы ширегінде көптеген араб лингвистері сөз жинау үшін шөлді аймақтарға сапар шекті. Олар бәдәуи араб тайпаларының ауызекі тілін, қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерін жинай бастады. Осылайша араб тіл білімінде алғашқы сөздік жасау ісі қолға алынды. Ғалымдар кез келген сөзді тексерусіз, талғаусыз ала бермейтін. Әлемге танымал ғұлама ғалым Махмуд Фаһми Хижази «Илм луға әл-арабия» еңбегінде



сөзтүзушілер белгілі бір ортақ қағидаттар мен принциптерге сүйеніп жинауды қалыптастырғанын сипаттайды. Кейіннен араб лексикографтарының бұл тәсілін түркіше-арабша энциклопедиялық түсіндірме сөздігін құрастырғанда Махмуд Қашқари да қолданып, түркілер мекендейтін аймақтарды шарлап, түркі тайпаларының тілдерін зерттеп, олардың сөздік қорларын сөздігіне арқау еткен еді.

Зерттеу араб лексикографиясының қалыптасуына қомақты үлес қосқан Исхақ әл-Фарабидің «Диуан әл-әдәб» және ең алғашқы екі тілді түркіше-арабша түсіндірмелі сөздік құрастырған және түркі тілдерінің грамматикасын жүйелеген М.Қашқаридің «Диуан луғат әт-турк» сөздіктерін терең, жан-жақты салғастыруға арналды. Зерттеуде алғаш рет түркі сөздерін морфологиялық уазндарға (үлгі, форма) салған М.Қашқаридің ұстанымдарына терең талдау жасалып, жалғамалы тілдерге жататын түркі тілдерінің сөздерін морфологиялық уазндарға салудың ерекшеліктері мен кемшіліктері көрсетілді. Жұмыста алғаш рет М.Қашқари қолданған түркі сөздерінің 46 морфологиялық уазндарының (формаларының) кестесі берілді. Түркі уазндары мен араб уазндарының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік беретін талдаулар жасалды. Орта ғасырларда жарық көрген араб сөздіктерінің негізгі дереккөзі болып табылатын Құран, хадис және поэзияның араб лексикографиясындағы және жалпы араб тіл біліміндегі алатын орнына талдау жасалынды.

Мухитдинов Р.С. зерттеуінде М.Қашқари еңбегін лексикография тұрғысынан зерттеп, қазіргі лексикографияда сөздік жасауға қойылатын талаптар орта ғасырларда жарық көрген араб сөздіктерінің ұстанымына толық сай келетінін, араб тілі түсіндірме сөздіктерінде сөздің мағынасы алдымен ол сөздің қолданыстағы мағынасына негізделіп ашылғанын, араб тіл білімінің оның ішінде лексикография саласының пайда болуы мен дамуының дереккөзі – Құран Кәрім кітабы екенін, М.Қашқари араб тіл білімінде ұстанатын принциптің негізінде түркі тілінің сөздерін морфологиялық формаларға салып, сөздікті сол формалар бойынша жасағанын, түркі тілдерінің грамматикасын араб тілі грамматикасы негізінде түзгенін, «Диуан луғат әт-турк» – түркіше-арабша екі тілді энциклопедиялық сөздік екендігін, Махмуд Қашқаридің сөздікті құрастырудағы басты мақсаты түркі тіл білімінің негізін қалау болғанын нақтылайды.

Мухитдинов Р.С. зерттеуінде араб лексикографиясы негізінде түзілген «Диуан луғат әт-турк» сөздігіне арналған салғастырмалы талдау болғандықтан, еңбектің негізгі дереккөзі ретінде араб лексикографиясымен айналысқан ғалымдардың еңбектеріндегі негізгі тұжырымдар пайдаланылды. Атап айтқанда: Хусейн Нассардың «әл-Муғжәм әл-араби, нәшәтуһу уа татаууруһ» (Араб сөздігі, пайда болуы және дамуы), имам Жәләлуддин әс-Суютидің «әл-Музһир фи улуми әл-луға» (Тіл білімінің жандануы), Али әл-Қасимидің «әл-Муғжәмия әл-арабия бәйнә ән-назария уа әт-татбик» (Араб лексикографиясы теория және практика) тәрізді ғылыми еңбектер, «Лисән әл-араб», «әл-Қамус әл-мухит», «Диуан әл-әдәб», «әл-Муғжәм әл-уәсит», «әл-Мунжид» сияқты араб тілінің негізгі түсіндірме сөздіктері және «Диуан луғат әт-турк» сөздігінің қолжазбадан жасалған фотокөшірмесі тікелей дереккөзі ретінде пайдаланылды. Оған қоса Махмуд Қашқари сөздігінің қазақ, өзбек, ұйғыр, түркі және орыс тілдеріндегі аудармалары салыстыру үшін қолданылды. М.Қашқаридің сөздігінің құрастырылу принципіне талдау жасап, оны араб лексикографиясындағы сөздік

түзу принциптерімен, атап айтқанда, Исақ әл-Фарабидің «Диуан әл-әдәб» сөздігімен салыстыра зерттейді Сонымен қатар, Махмуд Қашқаридің сөздігінің қазақ, түрік, өзбек, ұйғыр және орыс тілдеріндегі аудармаларын түпнұсқамен салыстырып, аудармада кеткен қателіктер мен кемшіліктерді жөндеуге дәлелді ұсынысын жасай білді.

Рашид Сражұлы зерттеуінде М.Қашқари сөздігі уазндар негізінде емес, сөзтізбенің әліпбилік реті негізінде түзілсе, сөздіктің қолдану аясы кеңі түсер еді және көптеген ізденістер мен түркі грамматикасының басты дереккөзіне айналатынына, сөздіктің екі тілді аударма функциясына қатысты пікірін білдіре отырып, негізінен, М.Қашқаридің «Диуан луғат әт-турк» еңбегі түркі тілдері салыстырмалы грамматикасының, түркі тілдері лексикографиясының, түркі тілдері лексикологиясы мен грамматикасының негізін қалаушы, тіл тарихы үшін баға жетпес құндылық болып табылатынын нақтылайды.

Сонымен қатар, Рашид Сражұлы Махмуд Қашқари еңбегінің атауына қолданған терминдерге талдау жасап, ғылыми айналымда қолданыста жүрген («Дивану лугат-ит турк») олқылықтарды түзеуге (Махмуд ибн әл-Хусайн әл-Қашқари «Китәбу Диуани луғат әт-турк») пікір білдіреді.

ديوان ديوان – «тізім жазылған кітап, тіркеу кітабы» деген мағынадағы араб тіліне парсы тілінен енген сөз. Ислам діні келгенге дейін арабтар диуан сөзін қолданған. Академик Махмуд Хижази «диуан» сөзінің Исламға дейін парсы тіліндегі мағынасында елді басқару саласында арабтарда да қолданыста болғандығын, VII ғасырдан бастап оның мәдени салада да қолданыла бастағанын айтады. Ол һижраның екінші ғасырынан (миләди жыл санауы бойынша сегізінші ғасыр) бастап халық арасында ауызша тарап жүрген араб өлең-жырлары қағазға түсіріле бастағанын және ғалымдар оны да "диуан" деп атағанын, ол сөздің семантикалық жаңа ерекшеліктерге ие болғандығын, яғни диуан – бір ақынның өлеңдерін немесе таңдамалы өлеңдер жинақталған кітап деген мағынаға ие болғанын айтады [5]. З.-А.М.Әуезова Қашқаридің "диуан" терминін қолданғандығын: "Как и ал-Фараби, ал-Кашгари обозначает свой лексикон термином *диван* ("запись"), подчеркивая преимущественно устный характер собранного в нем материала, сближающий его с поэзией", – деп жеткізеді (Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауэзовой. Индексы составлены Р.Эрмесом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 1288 с.) [6].

لغة луға(тун) – қазіргі араб тілінде "тіл" деген мағынаны береді. Араб тілінде "тіл" деген мағынаны беретін екі сөз бар. Оның бірі осы сөз болса, екіншісі لسان "лисән" деген сөз. Орта ғасырларда لغة "луға" сөзі белгілі бір халықтың тіліне емес, бір халықтың құрамына кіретін тайпаның тіліне, яғни диалектісіне қолданылатын болған.

Ал қазіргі кезде "луға" сөзі "ұлттың тілі деген" мағынада қолданылады. Мысалы, اللغة القازاقية қазақ тілі, اللغة العربية араб тілі, اللغة الإنجليزية ағылшын тілі және т.б. Ал диалект деген терминді қазіргі араб лингвистикасында اللهجة "ләһжә" деген терминмен береді. Бұл терминмен бірге араб лингвистикасында العامية "аммия" деген де термин бар. Араб лингвист ғалымдары оны "ауызекі тіл" немесе "говор" деген мағынада қолданады.

М.Қашқари «Диуан луғат әт-турк» сөздігінде لغة «луға(тун)» сөзін белгілі бір тайпаның тілі деген мағынада жиі қолданылады. Онда لغة قبچاق луға қибчак

(қыпшақ тілі), لغة الغزي луға ал-ғузи (оғыз тілі) деген тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Бұл М.Қашқаридің "луға" терминін тайпа тілі деген мағынада қолданғандығына дәлел болады. М.Қашқари сөздігінің атауында لغة «луға» сөзін көпше түрде لغات "луғат" ретінде қолданған. Сонда ديوان لغات الترك «Диуан луғат әт-турк» сөздігін қазақ тіліне «Түркі тілдерінің (немесе диалектілерінің) жинағы» деп аудару дұрыс болып шығады [7]. Ал, «Диуан луғат әт-турк» сөздігінің толық нұсқасын қазақ тіліне аударған ақын А.Егеубай оны «Түркі сөздерінің жинағы» деп аударған [8].

Талдау барысында алынған нәтижелер мен ой-тұжырымдар практикалық, қолданбалық қызметті көздеп жасалған кез келген лингвистикалық еңбек тіл тарихының сол дәуірдегі лексика-грамматикалық, фонологиялық ерекшелігін синхронды тұрғыда танытатын деректі құндылық болып табылатынына көз жеткізді. Сонымен қатар, бүгінгі таңдағы тілді тек коммуникация құралы емес, тұлғатаным, елтаным, дүниетаным құралы ретінде бағалайтын, зерттейтін антропоэзектік парадигма деңгейіне көтерілген тіл білімі, оның ішінде қазақ тіл білімі үшін генетикалық жағынан туыс емес тілдердің жазба мұрасын салғастыра зерттеу тілдердің, тілдік тұлғалардың лингвистикалық және лингвокогнитивті деңгейін тануға, танытуға көмектеседі. Осылайша қашқаританудағы ғылыми еңбектердің қажеттігі өміршеңдігін жоймақ емес.

Сонымен қатар, Махмуд ибн әл-Хусайн әл-Қашқаридің ديوان لغات الترك «Диуану луғати әт-турк» еңбегінің атауының қазақ тіліндегі транскрипциясына да ғылыми негізде бірізді қолданыстың қажеттігі туындайды.

## ӘДЕБИЕТ

1 Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. - Алма-Ата: Ғылым, 1990. - 156 с.

2 Махпиров В.У. Имена далеких предков: Источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики. Монография. - Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. - 302 с.

3 Донбаева А.Б. Даналықтың түбі бір (араб және қазақ мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері). Монография. - Алматы, 2004. - 133 б.

4 محمود بن الحسين الكاشغري. كتاب ديوان لغات الترك. Тіркiбасым/Facsimile. Kültür Bakanlığı. - Ankara, 1990 (қолжазбаның фотокөшірмесі)

5 Махмуд Фаһми Хижази. المصطلحات اللغوية العربية في ديوان لغات الترك لمحمد الكاشغري (Махмуд Қашқаридің "Диуан луғат әт-турктегі" араб лингвистикалық терминдері) // Исламтану және араб филологиясы мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2006. - 7-26 б.

6 Махмуд ал-Қашғари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауэзовой. Индексы составлены Р.Эрмесом. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 1288 с.

7 Мухитдинов Р.С. Араб лексикографиясындағы сөздік ұғымы және тарихы // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми академиясы Хабарлары. Филология сериясы. - 2006. - №3 (157). - 63-66 б.

8 Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі 2-т. /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубай. - Алматы: «Таймас», 2007. - 592 б.

Донбаева А.Б.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
Шымкент, Қазақстан  
ainura\_donbayeva@mail.ru

### ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан ғылымында өзіндік ғылыми бағыт пен мектеп қалыптастырған, бүгінгі мерейтой иесі, көрнекті ғалым, туған халқының жалынды жанашыры, парасатты патриоты, нағыз ұлт зиялысы дәрежесіне көтерілген қадірменді ұстазымыз Валерий Уйгуровичтың ғылымдағы ұстаздық өмірі мен шығармашылығына арналған. Мақаланың мақсаты - ғалымның түркі ономастикасы, топонимика, антропонимика, этнонимия, түркі лексикологиясы, түркі тілдерінің тарихы, тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу бойынша түрлі ғылыми еңбектері мен өмірлік жолын сипаттау арқылы кейінгі ұрпаққа паш ету.

**Тірек сөздер:** ғалым, түркі ономастикасы, топонимика, антропонимика, этнонимия, түркі лексикологиясы.

Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз.  
Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз,

– деп данышпан Абай бекер айтпағаны анық ақиқат. Мұны ғылым шыңына шыққан алдыңғы толқын ғұлама ғалымдарымыздың өсу, қалыптасу жолдарынан күнделікті өмірде көріп-біліп, сезініп жүрміз. Ұлы ойшыл ақынның айтқан кемел ойларының жүзеге асқанының куәсі болып келеміз. Бұған қарашаңырақ оқу орны – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде ғылымға бізді жетектеп алып келіп, тазалық пен адалдықты үйреткен, үлгі өнегесін берген ғалым-ұстаздарымыз да мысал бола алады. Солардың бірі және бірегейі – еліміздің шығыстану мен түркітанудың қалыптасуында көшбасшылардың бірі болған, филология ғылымдарының докторы, профессор Махпиров Валерий Уйгурович.

Әрине, өз ұстазың туралы орнықты ой айту, ғылыми шығармашылық өмір жолы, педагогикалық қызметі, кісілік келбеті мен адами игі қасиеттері жайлы кеңінен қамтып мақала жазу үлкен жауапкершілікті жүктейтіні белгілі. Ал, еліміздегі шығыстану мен түркітану білімінің іргетасын қалаушы ғалымдардың көрнекті өкілдерінің бірі, ғалым-ұстазымыз жөнінде ой толғау әлгі жауапкершілікті одан да еселеп арттыра түсетіні сөзсіз. Менің алғаш үміт артып, үлкен оқу орнынан аяқтап, ғылым ордасы болған қара шаңыраққа еңбек етуге асыққан шағымда, ғылымның мен үшін алғаш шымылдығын ашып, ғылыми көзқарасымды анықтап, ізденістер мен зерттеулер, ғылыми ойлау мен тұжырым

жасауды үйреткен ғылыми жетекшім Валерий Уйгуровичтың ғылыми-шығармашылық өмір жолы жайлы жазуда мен осындай ойда болдым. Мен үшін бұл жұмыс бір жағынан оңай, екінші жағынан қиын секілді көрінді. Өйткені, оңай болатыны – ол кісінің ғылыми-өмірбаяндық деректері молынан жинақталған және жалпы жұртшылыққа кеңінен танымал, ал, қиын болатыны – сол жинақталған сан алуан, қыруар материалдардың қай тұстарын, қандай мәліметтерді іріктеп-саралап келтірсем, қалай бастап, қалай аяқтасам деген мәселелер ойынды оңға, санаңды санға бөліп, біршама қиындық туғызатыны жасырын емес.

Валерий Уйгурович, ғылыми жетекші ретінде кандидаттық жұмысымды зерттеу барысында, алғашқы ізденістердің қалай құрылатынын, өзектілігін мен ғылыми жаңалығын былай қойғанда, мән-мазмұны, танымдық, шығармашылық астарлары, терең мағыналылығын айқындап, оған шығармашылықпен ізденіс жасап, білім инемен құдық қазу болса, ғылым дария қазумен тең деген ойды алға тартып, ғылымға деген адалдық пен тазалықты үйретті, ғылымға деген қызығушылығымызды оятып, білімімізге білім, ақылымызға ақыл қосты. Ол кісі тамаша ғалым болумен бірге өзіне тән ғылыми мінезі, көзқарасы, жылдар бойы қалыптасқан әдетімен ғылым жолында өзінің айқын да өшпейтін ізін қалдырды. Жалпы ғылым дегенде адамдар осы ғалымдардың өмірі қағаз кемірумен өтетін мимырт тірлік деп ойлауы мүмкін. Бірақ мұнда да өз жанартаулары атылып, өз қысының суығы мен аязы тоңдыратын кездер жиі кезігеді. Ағай кітаби дерлік адам. Кітапқа, ғылымға сенеді. Ғылымға адал, ары таза, текті тұлға.

